

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 219-221

ЕДІЛБАЙ АНАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨЛДЕГІШТІК ҚАСИЕТТЕРІ МЕН СҮТТІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

*Осербаева А.М. 2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.*

Еділбай тұқымды қойлар өзінің биологиялық, морфо-физиологиялық қасиетіне қарай жайлымдардың жұпыны жемтігімен қоректенсе де май жинауға қабілеттіктерін жоғалтпаған тұқымдық болып саналады. Еділбай қойларының мұндай биологиялық өзгешеліктері елімізде ертеден бері қойларды бағу жүйесімен байланысты болғандығы байқалады. Еділбай қойлары маусымдық жайылымдарды кеңінен пайдаланатын тұқымдық екендігі бүгінде анықталынған [1].

Бүгінгі кездегі қой шаруашылықтарының сандарының және сапаларының күрт төмендеулері, жеке меншіктердегі қойлардың жөнді бағаланып, сұрыпталынбауынан, қажетті қасиеттері мен белгілердің, тұқымқуалаушылықтарының тексерілмеулерінен, жануарлардың табиғи жайлымдарға бейімделулерінің ескермеулерінен, сапалы етті-майлы өнімділіктерінің өзгерулеріне соқтыра бастады [2].

Сондықтан да Жайық өңіріндегі қой шаруашылықтарындағы фермалардағы еділбай қойларының биологиялық және өнімділік ерекшеліктерін зерттеу және алынған биологиялық жетілдіру көрсеткіштерін шаруашылықтарға ұсыну, өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Тәжірибеге мықты конституциялы қошқарлар мен қойлар таңдалынды. Таңдап алынған аналықтарды аталықтармен шағылыстыру қараша айында жүргізілді. Аналықтардың нәтижелі ұрықтану деңгейі 93,75% құрады. Буаздық мерзімі аяқталғанда, яғни наурыз айында аналықтар төлдеулері өтті.

Тәжірибеге алынған еділбай аналықтарының лактациялық ұзақтығы 4-айды құрады, бұл мерзімде сүттің биологиялық құндылығының негізінде қозылардың өсулері және дамулары қарқынды өтті. Жалпы жүргізілген есептеулеріміз бойынша еділбай аналықтарының лактациялық сүттілік көрсеткіштерін 100% деп алсақ, онда І-айдағы сүт бөлуі 52,6-53,3% болды, сол сияқты ІІ-айда 30,7-31,5%, ІІІ-айда 12,6-13,8% және ІV –айда 2,5-2,9% болды деп саналынды.

Еділбай аналықтарының лактациялық айлар кезеңдердегі сүттенуі түрліше болып шықты. Осыған байланысты ІІ-айдан бастап қозыларға қосымша азықтар берілді. Қосымша азықтардың құрамында араластырылған дәнді дақылдардың түрлері мен майда шөптер кірді. Сәуірдің басынан бастап

аналықтармен бірге қозыларда өріске шығарылып, алғашқы көк шөптерге үйретіліп, біртіндеп жайылымда қосымша коректік заттарды қабылдап жатты.

Алғашқы лактациялық кезеңінде бірінші төлдеген аналықтардың сүттілік көрсеткіштері, 2-ші және 3-ші және одан көп төлдеушілермен салыстырғанда тұрақтылау екендігі анықталынды.



Еділбай қойы мен қозысы, сәуір 2021 ж

Сурет 2 - Көктем кезінде еділбай аналығы қозысымен бірге өріске шығуы

Көптеген зерттеушілердің Ермеков М.А., Голоднов А.В.[3], Жандеркин А.Н., Кейкин Д., Токкужин С. [4] мәліметтері бойынша еділбай аналықтарының сүттілік көрсеткіштері жасына, төлдің жынысына, азықтың толыққұндылығына, лактацияның айына және т.б. байланысты болып келеді.

Сонда еділбай аналықтарының лактациялық сүттіліктері орташа есеппен 3-ші және 4-ші төлдеушілерде 110-115 кг, ал I-ші рет төлдеушілерде 95-100 кг болып шықты. Лактацияның басында тәуліктік сүттіліктері 2110 г құраса, II-айында 1680 г құрады.

Даулет шаруа қожалықтарындағы еділбай аналықтардың I-ші айдағы сүттерінің химиялық құрамдық көрсеткіштері зерттелінді. Алынған нәтижелер 4-ші кестеде келтірілген.

Кесте 2 - Еділбай аналықтары сүттерінің химиялық құрамдық көрсеткіштері, n = 10, M±m

№	Көрсеткіштер	Аналықтарының сүттілік көрсеткіштері			
		I-ші айда	II-ші айда	III-ші айда	IV-ші айда
1	Құрғақ заттар, г	17,85±0,82	17,94±0,79	17,95±0,65	18,02±0,91
2	Тығыздығы, °А	1,034	1,034	1,034	1,035
3	Қышқылдығы, Т°	22,2	22,3	22,4	22,5
4	Майлылығы, %	5,92	5,91	5,63	5,43
5	Ақуыздары, %	4,51	4,58	4,48	4,24

6	Күл, %	0,89	0,87	0,84	0,81
7	Лактоза, %	5,79	5,34	5,02	4,83

Зерттеу тобындағы аналықтар сүттерінің химиялық құрамдық көрсеткіштері бойынша еділбай саулықтарының қалыпты деңгейінде болғаны анықталынды. Зертханадағы анықтауларымыз бойынша еділбай саулықтарының сүттерінің құндылығы келесідей болып шықты (2-ші кесте): ақуыздың көлемі 4,24 – 4,58%, сүттің майлылығы 5,43 – 5,92% және лактозаның көлемі 4,83–5,79% болды. Сонымен қатар еділбай аналықтарының сүттерінде құрғақ заттардың көлемі (17,85-18,02 г) лактация бойында тұрақтылау екендігі байқалды, сол сияқты күлдері де (0,81-0,89%) көп өзгермеді. Сүт құрамындағы лактозаның сүттегі құрамы I-айда 5,79% болса, IV-айда 4,83%, немесе 0,96% кемитіні анықталынды.

Қорыта келгенде еділбай аналықтарының сүттерінің химиялық құрамдық көрсеткіштері бойынша толыққұндылар қатарына кіреді. Осы көрсеткіштер бойынша қозыларының өсуі мен дамуына жеткілікті деңгейде екендігі көрінеді. Сүттің құндылығы қозыларының жеткілікті дәрежеде өсуі мен дамуына, тәуліктік салмақ қосу қарқындылығына, дене еттіліктерінің жетілуіне толығымен қамтамасыз ете алады. Оған қосымша қозылар қоректік құрамды жайылымда алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Канапин К.К. Грубошерстные курдючные овцы Казахстана. [Текст] /Канапин К.К., Ахатов А.А.// – Алматы, 2000.– 196 с.
- 2 Косилов В.И. Рациональное использование генетического потенциала отечественных пород овец для увеличения производства продукции овцеводства. [Текст] /Косилов В.И., Шкилёв П.Н., Никонова Е.А.// - Оренбург, 2009. - 264 с.
- 3 Ермеков М.А. Курдючные овцы Казахстана. [Текст] /Ермеков М.А., Голоднов А.В.// – Алматы: Кайнар, 1976. – 110 с.
- 4 Жандеркин А.Н. Еділбайская овца. [Текст] /Жандеркин А.Н., Кейкин Д., Токкужин С.// - АлмаАта, 1974.- 165 с.